# ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДАғы ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Орындаған: Қалтурды Жансая

Қабылдаған:

# МАЗМҰНЫ


- **КІРІСПЕ**

I ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

  - Патриоттық тәрбие берудің әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық негізі
  - Мектеп оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені халық педагогикасымен сабақтастыра дамыту

II ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

- Бастауыш сынып оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың құрылымдық мазмұнының жүйесі
- Оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысының нәтижесі
- Қорытынды..........................................................................................................70
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

# Кіріспе

- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу-тәрбие ісінде назар аударып отырған, тәрбие салаларының бірі - отансүйгіштік тәрбие. Қазақстан Республикасы - көп ұлтты іргелі ел.
- Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже - оның барысында қалыптасқан жаңа адам бостандықты жеңіп алып, оны ауыр күрестерде қорғай білген, барлық сын-сынақтардан өтіп, өзі адам танымастай болып өзгерген. Өзінің бұрынғы қасиеттеріне саяси мұраттылықты қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетін, білімін кәдеге жаратып, мәреден көріне білетін адам.

# Патриоттық тәрбие

- Патриоттық сезім - ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Елбасы өзінің халыққа Жолдауында азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды.
- Патриоттық тәрбиені қалыптастыру үшін алғы шарттар пісіп жетілуі керек. Сол алғы шарттардың пісіп жетілуімен сабақтаса адамдардың сана- сезімі артып, жаңа құндылықтарды, оның ішінде отаншылдық сезімді бойына молырақ сезінетін болады. Патриоттық сана-сезім болса, ол - отан құндылығы көрінісінің нәтижесі, өткендегі өмір сүрген ата-баба санасының қажеттілігі мен ұмтылысына, құлшынысынан туған елдік салт-дәстүрлерді адамдардың санасындағы қажеттілігі мен қызығушылығы арқылы қабылдау.

# Патриотизмге тәрбиелеу жолдары мен бағыттарын қарастыру



- Патриотизмге тәрбиелеу жолдары мен бағыттарын қарастыру бүгінгі күн талаптарынан туындап отыр:
- - Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік аспектілері, мақсат-міндеттері, мазмұны Ю.К.Бабанский , Н.И.Болдырев , В. А.Сухомлинский , т.б. зерттеулерінде дәлелденген;
- - Қазақстанда білім беру саласының даму тарихы мен ұлттық тәлім-тәрбие саласының әр түрлі проблемаларына қатысты Т.Тәжібаев , Қ.Бержанов , С. Мусин , Қ.Құнанбаев  т.б. қарастырған;
- - Халықтық педагогиканы  жастар тәрбиесінде тиімді пайдалану мен оларды музыкалық шығармалар арқылы патриотизмге тәрбиелеу мәселелері Қ.Жарықбаев , С. Қалиев , М.Х.Балтабаев , Б.М.Бекмұхамедов , т.б. еңбектеріне орын алған;

# Оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың жолдары

- *Зерттеу мақсаты:*
- *Зерттеу объектісі:*
- *Зерттеу пәні:*
- *Зерттеу болжамы:*
- *Зерттеу міндеттері:*
- *Зерттеу әдістері:*
- *Зерттеудің әдіснамалық  және теориялық негізі:*
- *Зерттеудің теориялық мәнділігі:*
- *Зерттеудің практикалық маңыздылығы*:
- *Зерттеу базасы:*

# I ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ



- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВ ӨЗІНІҢ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ-ҚОҒАМНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ», «ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА» ДЕГЕН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ИДЕЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОПТАСУДЫҢ КЕРЕК ЕКЕНІН АЙТЫП, БІРІГУГЕ ШАҚЫРЫП, БҰЛ МІНДЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА БІЛІМ БЕРУДІҢ, ОТБАСЫ, ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ СИЯҚТЫ ДӘСТҮРЛІ ИНСТИТУТТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛЬ АТҚАРАТЫНЫН, ОЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ ЕРЕКШЕ ТИІМДІ БОЛАТЫНЫН БАСА АЙТА ОТЫРЫП, «БІЗДІҢ ТАҒЫ БІР АСА МАҢЫЗДЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІМІЗ-ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ, ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ АЙҚЫН БИЛЕУ.

# ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

- Педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж.Қожахметова «Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары» [35]. Қазақстан ғаламдық гуманистік ойлау жүйесіне енді. Сондықтан, ондағы тәрбие әрекеті адами гуманистік мақсат-мүддеге қайшы болмауы қажет. Бұл ретте, Қазақстанның көп ұлтты құрамы ескерілгені жөн. Аталған ерекшеліктерге байланысты, қазіргі тәрбие жұмысын төмендегі тәртіпте қарастыруға мүмкіндік бар:
- 1.Бастауыш сынып оқушыларын халықтық педагогика негізінде патриоттыққа тәрбиелеу, оның нәтижесін бүгінгі өмір талабына сай пайдалану;
- 2. Жас ұрпақтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуін қамтамасыз ету, оларды құрметтеу сезімін қалыптастыру;
- 3. Қазақ халқының озық гуманистік құндылықтарын басшылыққа ала отырып, жалпы қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
- 4. Оқушыларды өз пікірлерін ашық айтуға, сөз бостандығына, басқалардың пікірін құрметтеуге тәрбиелеу.

# Сан-салалы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру

- 1. Қазақ халқының халықтық педагогикасы арқылы жас ұрпақтың отансүйгіштікке ынталы болып қалыптасуына мүмкіндік беру;
- 2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйрету;
- 3. Қазақ халқының әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрлерін үйретуге, мәдени мұрасын қастерлеуге, оны сақтауға ынталандыру;
- 4. Батыр бабалар дәстүрлерін үлгі ете отырып, жас ұрпақты патриоттық, ерлік, қаһармандық рухында тәрбиеленген азамат қалыптастыру.

# Ш. Уәлиханов патриотизм ұғымына берген тұжырымына сәйкес патриотизмнің моделі






# Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ПАТРИОТИЗМГЕ БЕРГЕН ТҰЖЫРЫМЫ БОЙЫНША МОДЕЛІ

- Отанға сүйіспеншік (мемлекетке)
- Жеке адамның аман – саулығы
- Бүгінгі тарих
- Қоғамдық мемлекеттік қауіпсіздік
- ПАТРИОТИЗМ
- Өткен тарих
- Мемлекетті нығайту
- Халықтың болашағы

# 1.2. Мектеп оқушыларының бойында патриоттық тәрбиені халық педагогикасымен сабақтастыра дамыту



- Ғасырлар бойы халқымыз ұрпағын ізгіліктілікке, өз елін сүюге баулып келеді. Бұл берік қалыптасқан дәстүрді ұлттық тәрбиенің өзегі, діңгегі десе де болады. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» дей келіп, адамның ұлы болу үшін кісіге «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керектігін ұлы Абай да жеріне жеткізе өсиет етіп кетті. Бұл сапалар бүгінгі мектебімізде жеке тұлғаны қазақстандық патриотизм рухында Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің ІІІ съезінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда, барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу–мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» -деген еді

# Ертегі-тәрбие құралы

- Қазақ халқының өз ұрпағын «жақсыдан үйреніп, жаманнан жирендіретін», балалар қызыға оқып, сүйіп тыңдайтын ертегілері мол. Қазақ ертегілерінің не үшін қажет екенін әдебиет зерттеушісі ғалым А. Байтұрсынов: «Ертегінің қадірі қанша деп сұрағанда, керектігіне қарай жауап беріледі. Ертегінің керек орындары:
- Халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ. Олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе.
- Бала әдебиеті жоқ жерде баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе. Баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді.
- Бұрынғылардың сана-саңлау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керегі бар нәрсе»-деп айтқан болатын

# ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ - АДАМЗАТ ТАРИХЫНЫҢ ҰЛЫ МАҚСАТЫ

- 2001 жылдың 11-қыркүйегінде АҚШ-тағы қайғы оқиғалар, Таяу Шығыстағы, Бали аралындағы лангестік (террористік) әрекеттер. Мәскеуде адамдарды кепілдікке қамап ұстау ешқандай кінәсы жоқ адамдардың, олардың ұлтына, этностық және діни қатынастығына қарамастан ланкестік құрбаны болатынын көрсетіп берді. Отаннымыздың территориясының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын ланкестіктерге қарсы ұйымшылдықпен күрес., мемлекетімізге қауіп төндіретін кез-келген сыр және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастард Отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктей



# ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ



- Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиет тұтуды ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата , әл-Фараби , Жүсіп Баласағұн , Махмұд Қашқари т.б. айтқан болатын. Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші Ш. Уалиханов өзінің патриоттық сезімін білдіре келіп, «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін» , - деген екен

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

- «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан оладың көпшілігінің туған Отаны және бұдан бұлай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

# II ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

- Бүгінде Қазақстан Республикасындағы әрбір ұлт, халық санына қарамастан өздеріне тиісті, лайықты орындарын алған. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің ұлттық патриотизмі елде тұратын барлық халықтың ортақ патриотизмімен байып отыр. Ал, көп ұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен бірлікте қарастырылады.
- Президент Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, 90 пайыз қазақстандық ұлтына қарамастан, өздерінің Отаны Қазақстан деп есептейді. Бұл құптарлық жай өйткені қазақстандық патриотизм азаматтың, қоғамның, мемелекеттің ортақ күш-жігеріне келіп саяды. Қазақстан - өз Әнұраны, Елтаңбасы, туы, жері бар мемлекетіміз деген ұғым қоғамда түпкілікті қалыптасуы керек және оны сүю, қорғау осы қоғамда өмір сүріп жатқан барша адамның міндеті болмақ

# ПАТРИОТИЗМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

- Патриотизмнің теориялық деңгейі. Ол Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеруі. Отанға қызмет көрсету турасындағы патриоттық идеялар, патриоттық мінез-құлық нормалары. Ал, «Отан» сөзіне анықтама берсек, ғалым М.С.Жүнісовтың айтуынша ол үш құрамдас бөліктен тұрады:
- 1. Туған жер, яғни халықтың өзі жасаған тарихына байланысты этикалық аймақ.
- 2. Өзінің тілі, ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі қалыптасқан белгілі бір халық.
- 3. Отанның типін анықтайтын қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік саяси құрылыс.

# Зерттеліп отырған құбылыстың деңгейлері алдын-ала төмен, орташа және жоғары болып бөлінеді.

- Патриоттық тәлім қалыптасуының *жоғары деңгейінде* оқушы өзінің мемекет өміріндегі белсенді ролін түйсінеді. Отанға сүйіспеншілік сезімі терең болады.
- *Орташа деңгейде* оқушы өзінің мемлекет өміріндегі белсенді ролін түсінеді, бірақ қоршаған шындықты өзгертуге енжар қатынасады. Оған мемлекеттік рәміздер мен дәстүрлерді терең және тоық білмеу тән.
- *Төмен деңгей* өз мемлекетіне немқұрайлы қараумен, мемлекет өміріне белсенді қатынасуына ұмтылмауымен сипатталады. Оқушы мемлекеттік рәміздер мен дәстүрлерге ынта қоймайды.

# Тұлғаны отаншылдыққа тәрбиелеудің құрылымдық жүйесі



# 2.2. ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

- Оқушылар бойында патриоттық тәрбиені қалыптастырудың жолдары мәселесіне арналған педагогикалық тәжірибелік жұмыс үш кезеңді (анықтау, қабылдау, бақылау) қамтыды. Тәжірибелік жұмыс Тараз қаласындағы №12 мектептерінде жүргізілді. Зерттеу аясындағы оқушыларды *тәжірибелік топ* және *бақылау тобы* деп екіге бөлдік.
- Педагогикалық тәжірибе жұмысында сынақтағы топқа 15 оқушы, ал бақылаудағы топқа 15 оқушы қатысты. Жалпы тәжірибе жұмысына 30 мектеп оқушысы қамтылды.



# Дамыта оқыту технологиясы



# Сабақтың барысы:

- I. Сабақ бірден үй тапсырмасын сұраудан басталады. Себебі, бұрын оқыған Әбдіжәміл Нүрпейісовтың «Туған жер» тақырыбын сұрау арқылы жаңа ұғым беруге көшу мүмкіндігі туады. Ассоциация құру арқылы білетіндері анықталады.
- II. Жаңа тақырыпты түсіндіру үшін оқушылырмен Отан туралы әңгімелесу. Әр оқушыдан Отан ұғымын қалай түсінетіні сұралады. оқушыларға көрсету.
- III. Оқулықпен жұмыс. Өлеңді мәнерлеп, дауыстап оқу. Әрбір жолын жүргізу. Өлең мазмұнына байланысты сұрақтарға жауап беру. Өлеңді оқушыларға іштей және дауыстап оқыту.
- IV. Дәптермен жұмыс. Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.

# Қорытынды

- Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Егер біз Мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемелекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» деген .
- Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр.Қазақта мынадай мақал бар: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз». Осы орайда айтарымыз тек жеті ғасырмен шектелмей жалпы ұлттың тарихын біліп, соны зерттеу керек. Бүгінгі кішкентай бала-ол ертеңгі ел азаматы.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


- Назарбаев. Н.Ә.Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана.-2006.
- Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым – даму тетігі /Елбасының Қ.Р. білім және ғылым қызметкерлерінің ІІІ съезінде сөйлеген сөзі /Егемен Қазақстан, - 13 қазан, - 2004ж.
- Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы / Егемен Қазақстан.-2017.-11 қазан.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Астана.- 2005
- Құрастырған: О.Әбділдәұлы Батырлар жыры.-Алматы: Жеті жарғы,2006.
- Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2009.
- Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 2012.
- Құдайбердиев Ш. Түрік, қазақ қырғыз һәм хандар шежіресі.-Алматы: Олжас, 2004.
- Дулатов М. Оян, Қазақ [мәтін]: роман, өлең, жыр, ән. –Алматы: Атамұра, 2003.
- Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.2: -Алматы: Жазушы, 2007.
- Момышұы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Жазушы, 2008.
- Нұршайықов Ә. Патриоттық қанға сіңген қасиет пе?. //Ақиқат-2000.
- Қалмырзаев Ә. Біз-қазақ, ежелден еркіндік аңсаған. -Алматы: Ғылым, 2008.
- Мақатаев М. Шығармасының 4 томдық толық жинағы. –Алматы: Жалын, 2001.
- Сүлейменов О. Таңдамалы туындылары. –Алматы: Жібек жолы, 2005.
- Шақанов М. Жаңа қазақтар. –Алматы: Білім, 2012.
- Бабанский Ю.К. Методы обучения в советской школе.-М.: Просвещение,1985.
- Болдырев Н.Ш. У чужых берегов. –М. 2000.
- Сухомлинский В.А. Балаларға жүрек жылуымен. –Алматы: Мектеп, 2006.
- Тәжібаев Т. Бес томдық шығармаар жинағы. –Алматы: Жазушы, 2011.
- Бержанов Қ. Педагогика тарихы. –Алматы: Мектеп, 2014.
- Мусин С. МАндат: Роман-хроника және ән. –Алматы: Жалын,2011.
- Құнанбаев Қ. Білім заңдарына жол. –Алматы: Қазақстан, 2012.
- Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 2005


THE END